ЖАУАПКЕРШІЛІГІ
ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІК

Толеби

ТОВАРИЩЕСТВО С
ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

Республика Казахстан, Южно-Казахстанская область, Толебийский район, с.о.Биринши Мамыр, с.Биринши Мамыр, БЕЗ УЛИЦЫ, б/н, Телефон: +77015552420
АО "ForteBank" ИИК: KZ889651600007660470 БИН: 970540005603

№ 7

25.04.2018ж.

**Қазақстан Республикасының бас прокуроры Қ.Қожамжаровқа**

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасы А.Шпекбаевқа**

**Қазақстан Республикасының қаржы министрлігінің ішкі мемлекеттік аудит комитетінің төрағасы Б.Нажмиденовке**

**Оңтүстік қазақстан облысының кәсіпкерлер палатасының директоры А. Абубакировқа**

## Арыз

"Шымкент қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" ММ тарапынан 25.01.2018 ж. хабарландыру нөмірі 2190365-2 *Шымкент қаласының саябақтар мен гүлзарлар аумағында орналасқан ескерткіштерді күтіп ұстау жұмыстарына* мемлекеттік сатып алу жарияланған. Аталған конкурсқа "Төлеби" ЖШС конкурстық талаптарға сай, қатысуға өтінім берген болатын.

"Шымкент қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" ММ 19.04.2018 ж. № № 2380019-ОК1Қорытындылар туралы хаттамасымен "Төлеби" ЖШС гінің конкурстық талаптарға сай, яғни, материалдық және еңбек ресурстарымен толық сай келе тұра, конкурстық комиссиясы конкурстық құжаттаманың сәйкестігін, толықтығын ескермей шететіп, аталған конкурс бойынша тек бір ғана қатысушыны конкурсқа жіберіп, «МраморГранит Тас» ЖШС гін жеңімпаз деп танып отыр.

Алайда, аталған қатысушының ұсынған конкурстық құжаттармалары, ұйымдастырушының сұратылған талаптарға мүлдем сай емес, және конкурстық комиссия тарапынанда кемшіліктер ескерілмей, аталған қатысушыға артықшылық танытылған.

Атап айтқанда, аталған қатысушының конкурстық құжаттамасындағы жалға алынған Трактор К-700А арнайы техникасының тіркеу құжаттамасымен, техниканы Жалға берушімен сәйкес келмейді. «Жол жүрісі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚР заңының талаптарына сәйкес, арнайы техникалармен көлік құралдары міндетті қайта тіркелуге жататындығы көрсетілген.

Одан бөлек, ұсынылған тіркеу құжаттамасы, бұлыңғыр мүлдем көрінбейді. Конкурстық құжаттаманың 18 тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінімде қамтылатын қағаз құжаттардың электрондық көшірмелері бейненің түсіне қарамастан, дәл және анық болуы тиіс деп көрсетілген. Конкурстық комиссия тарапынан ескерілмей, мән берілмеген.

"Төлеби" ЖШС гінің конкурстық талаптарға сай, материалдық және еңбек ресурстарымен толық сай келе тұра конкурсқа қатысуға шеттетелген.

Осыған байланысты, "Шымкент қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі" ММ нің *Шымкент қаласының саябақтар мен гүлзарлар аумағында орналасқан ескерткіштерді күтіп ұстау жұмыстарына мемлекеттік сатып алу 1*9.04.2018 ж. № 2380019-ОК1 Қорытындылар туралы хаттамасына қайта қарауды сұраймын.

**«Толеби» ЖШС директоры** **Е. Избасаров**